

DOI 10.54596/2958-0048-2024-1-154-160

ӨОЖ 811.512.12

МРНТИ 17.09.91

## ОРАЛХАН БӨКЕЙДІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Есматова М.Т.<sup>1\*</sup>, Зейлова М.Ш.<sup>1</sup>

<sup>1\*</sup>М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті,

Петропавл, Қазақстан Республикасы

\*E-mail: esmatova@mail.ru

### Андатпа

Бұл мақалада Оралхан Бөкейдің «Атау кере» шығармасында кездесетін тұрақты тіркестер қарастырылады. Тұрақты тіркес ұғымы терең зерттеліп, ерекшеліктері анықталады. Сонымен қатар, тұрақты тіркестердің мағыналары ашылады, фразеологиялық тіркестерге тән ерекшеліктер көрсетіледі. Жалпыхалықтық қолданыстағы фразеологизмдер мен авторлық фразеологизмдер салыстырылып, мағыналары ашылады, фразеологиялық тіркестерге тән ерекшеліктер көрсетіледі. Ғалымдардың пікірі негізге алына отырып, фразеологизмдерді тілдегі дайын құрал екенін дәлелденеді.

**Тірек сөздер:** тұрақты тіркестер, фразеологизм, жалпыхалықтық фразеологизм, авторлық фразеологизм.

## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ОРАЛХАНА БОКЕЯ

Есматова М.Т.<sup>1\*</sup>, Зейлова М.Ш.<sup>1</sup>

<sup>1\*</sup>Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева,

Петропавловск, Республика Казахстан

\*E-mail: esmatova@mail.ru

### Аннотация

В этой статье рассматриваются устойчивые выражения, встречающиеся в произведении Оралхана Бокее «Атау кере». Глубоко изучено понятие фразеологизмов и определены его особенности. При этом раскрываются значения устойчивых выражений, а также показаны особенности, характерные для фразеологических словосочетаний. Сравниваются и раскрываются значения общенародных и авторских фразеологизмов, их использование, указываются специфические особенности, характерные для фразеологизмов. По мнению ученых доказано, что фразеология представляет готовый инструмент в языке.

**Ключевые слова:** устойчивые выражения, фразеологизм, общенародный фразеологизм, авторский фразеологизм.

## USE OF PHRASEOLOGISTS IN THE WORKS OF ORALKHAN BOKEY

Esmatova M.T.<sup>1\*</sup>, Zeylova M.Sh.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>M. Kozymbayev North Kazakhstan University, Petropavlovsk, Republic of Kazakhstan

\*E-mail: esmatova@mail.ru

### Abstract

This article examines set expressions found in Oralkhan Bokey's work "Atau Kere". The concept of phraseological units has been deeply studied and its features have been identified. At the same time, the meanings of set expressions are revealed, and the features characteristic of phraseological phrases are shown. The meanings of popular and original phraseological units, their use are compared and revealed, and specific features

characteristic of phraseological units are indicated. According to scientists, it has been proven that phraseology is a ready-made tool in the language.

**Keywords:** set expressions, phraseological units, popular phraseological units, author's phraseological units.

### **Кіріспе**

Қазақ ақын-жазушылары өз еңбектерін жазу барысында көптеген тұрақты тіркестерді қолданған. «Тұрақты тіркестер – орын жағынан қалыптасқан, құрамы өзгерте алмайтын, бәрі тұтасып бір ұғымды білдіріп, бір ғылым ретінде фразеология, фразеологизм деп атайды» [1, 33 б.].

Фразеологизмдер арқылы шығарма мәтінінде айтылатын ойға айрықша әр, мәнерлілік беріледі. «Әдебиет саласында шығарма тілін көркемдеп, жандандырып, нәр беруші амалдардың бірі – халық тіліндегі тұрақты фразеологиялық тіркестер. Олар тілдегі бейнелі экспрессивті – эмоциялы бояуы қанық амалдардың қатарынан. Олар – ұлттық психикалық өзгешелігінің негізінде қалыптасқан образды ойлау тілінің үлгілері, халықтық даналыққа суарылған өткір құралдар» [2, 134 б.]. Ғылыми мақалада О.Бөкейдің «Атау кере» шығармасындағы авторлық фразеологизмдердің қолданысына тоқталып, олардың мағыналық ерекшеліктері талданады.

### **Зерттеу әдістері**

Зерттеу мақаламызда тілде даяр қалпында жұмсалатын жалпыхалықтық қолданыстағы тұрақты тіркестер мен авторлық фразеологизмдердің қолданысын, мағыналық ерекшеліктерін ашуда семалық және лингвистикалық талдау әдісі қолданылады.

### **Зерттеудің нәтижелері**

Ұлттық әдебиетімізде шебер тілді жазушыларымыздың бірі Оралхан Бөкей болып саналады. Ол – 20 ғасырдың ірі жазушысы, прозаның майталманы, драматург, ұлы тұлға. Жазушы туралы Дидахмет Әшімхан: «Ол қалам ұстаған ешкімнің жазу мәнеріне ұқсамайтын шығармалар жазды. Оларын біреу түсінер, біреу қабылдар, біреу қабылдас, алайда сол ерке мінез, еркіндеу, тентек теліқоңыр дүниелерімен ол өнерде «Оралхан Бөкей» есімін қалдырды» [3, 114 б.]. Ол өзінің әр туындысын жеткізуде тілдік оралымдарды, тілдегі көркемдегіш құралдарды шебер қолданады. Оған дәлел, еліміздегі ғалымдар жазушының шығармаларына қызығушылық танытып, ғылыми тұрғыдан қарастырып, тілдік ерекшеліктердің ара-жігін ажыратып, өз зерттеу жұмыстарын жазған. Мәселен, Е.С. Досанованың «Оралхан Бөкейдің проза тіліндегі теңеулер қолданысы», Ә.М. Тоқтамыстың «Оралхан Бөкей шығармашылығындағы тілдік қолданысы», Ж.О. Нұрсұлтанқызының «Оралхан Бөкей шығармаларындағы кинесикалық синонимдер», «Оралхан Бөкей шығармаларындағы бейбервалды омонимдер» атты зерттеу жұмыстары мен еңбектер, мақалаларын атап өтсек болады. Ғалымдар жазушының тілдік ерекшеліктерін көрсете отырып, сөз қолданысының құндылығы мен жазушылық қабілетінің сан-қырлылығын, асқақтығын әр шығармасын талдай отыра көрсетеді.

Оралхан Бөкейдің басқа жазушылардың шығармасыны ұқсамайтын, адамға сан-қырлы түсінік қалыптастыратын, қоғамдағы мәселелердің анықтап, боямасыз көрсеткен психологиялық шығармасы – «Атау кере». Бұл шығарма негізінен азаматтық мәселені қозғайды. Оралхан Бөкейдің «Атау кере» шығармасында да көптеген тұрақты тіркестер кездеседі. Жұмысымызда Оралхан Бөкейдің «Атау кере» шығармасындағы авторлық тұрақты тіркестерді зерттеп және олардың мағынасын ашып көрсетуді мақсат етіп

алдық. Авторлық тұрақты тіркестер көркем шығарманың мағынасын ашып, кейіпкерлердің образын анықтауға, мінезін ашып көрсетуге көмек береді. Автордың тіл қолданысында тұрақты тіркестердің көп қолданылуы шығарманың көркемділігін асыра түспек. Тек көркем шығарма мен жазушының ерекшелігін көрсете қоймай, қазақ тілінің лингвистикасының дамуына, ауқымын кеңейтуге, сөздік қорды одан әрі молайтуға көмек береді. Мақаланың өзектілігі де Оралхан Бөкейдің «Атау кере» шығармасындағы тұрақты тіркестердің мәнін аша отырып, жазушыға тән қасиеттерді, тіл қолданысын көрсету. Оның ішінде автордың өзіне ғана тән тұрақты тіркестерді жинақтап, мәнін ашып, әдеби қолданысқа енгізу. Жалпықалықтық фразеологизмдерді қолданысын негізге ала отырып, оған мәндес авторлық фразеологизмдерді де жиі қолданады. Авторлық фразеологизм жазушының кез-келген дүниеге өзінше бояу қосып, әсерлі етіп, кең ұғымда өз көзқарасын көрсетуі. Шығармада қолданылған тұрақты тіркестердің ішінде жалпықалықтық фразеологизмдер жиі кездеседі. Жалпықалықтық қолданыстағы тұрақты тіркестердің бірқатарын атап, топтаптауға болады.

Зерттеушілер В.В. Виноградовтың топтастыруын негізге ала отырып, бірде тұрақты тіркестің бір тұтас мағынасы мен олардың құрамындағы сыңарлардың арақатысына қарай жіктеп бөлсе, екінші біреулер құрылым-құрылысы жағынан, үшіншілері атқаратын қызметі мен стильдік мәні жағынан топтастырады. Бірақ түптеп келгенде, фразеологизмдердегі компоненттердің мағына тұтастығына қарап, зерттеушілер В.В. Виноградовтың жүйелі топтауын басшылыққа алады. Сөйтіп, қазақ тіліндегі фразеологизмдер де фразеологиялық тұтастық; фразеологиялық бірлік; фразеологиялық тізбек болып негізінен үш топқа бөлінеді.

Фразеологиялық тұтастықтар:

«Тура жүріп, сөйлейтін Қандауырдың тым-тым **қара қылды қақ жарған** әділдігі тұқым қуалап...» (8-бет). **Қара қылды қақ жару** – шындықты сөйлеген, анығын, нақты шешімін айтқан. Сөздің нақтысын, сөз төркінін дөп айтуды айтамыз. Шешім қабылдау барысында тек шындықты жақтап, даудың шешімінде өгіз өлмейтін, арба сынбайтындай етіп шығару. Кез-келген, үлкенді-кішілі қиындықтарды тура шешу.

«Туған жер, Атамекен, ел-жұртын **емешегі үзіліп** сағынғандықтан емес, жыл бойғы табан ет, маңдай тердің құнын шығарып, ұшы-қиыры таусылмас шаруасының шалғайын қайыру үшін елге – Үлкен Жерге асығатын». **Емешегі үзілу** тұрақты тіркесі – пейілі түсу, елжіреу деген мағынаны білдіреді. Психологиялық сезім күйін жеткізуде қолданылады. Сол уақыттағы елдің Бел-Алқаны қатты сағынғанан емес, жасауы керек іс болғаннан кейін ғана мәжбүрлікпен баруын сипаттайды.

«Бекзаттың сұрауы **түйеден түскендей** болды ма, Ерік жауап берместен түйіле ойланып тұрып қалды...» (20-бет). **Түйеден түскендей** – күтпеген жаналық, хабар болды. Бұл фразеологизм ерсі сөйлейтін адамды сипаттап айтады. Дөрекі сөйлеп, адам жанына ауыр тиетіндей сөз деген мағынаны көздейді.

«Ат тұяғы тиген сайын, сырт-сырт етіп ыршып түсер шегірткенің миынды тербеп **зәрезан қылар** шырылы құлақ тұндырады...» (8-бет). **Зәрезан қылу** – адамды қорқыту, азар да безер қылу. Күнделікті күбең тіршілік, шегіртке дауысының адамды ығырын шығаруы. Сонымен қатар, адам бойына үрей ұялатады, қорқыныш бар, ол сезімдермен бірге туласа құлаққа түрпі тиген дыбысты айтады.

«Енді, міне, бедірейген аспанның **омырауы семіп**, тамыз айы басталғалы да бір жерге тамбай, жер-көктің апшысын қуырып тұр» (9-бет). **Омырауы семіп** – жағдайы болмау, әбіржу деген мағынада. Ауа-райы дұрыс болмай, нөсер, жауын-шашым болмай тұр, апшысын қуыру асықтыру, тездету, сонымен бірге, құрғақшылық, су болмау

мағынасында. Жанбыр жаумай елді әбігерге салып, жан-жақта құрғақшылық, көк өспей тұруын меңзейді.

«Жарты жыл болды саржамбас күй кешіп, **төсек тартқан** сал ауру, екі аяғын баса да алмайды» (28-бет). **Төсек тартқан** – ауырып ұзақ жатқан адам. Адам белгілі бір аурумен ауырып, өмір сүру, қоғаммен араласуы нашарлағанда, денсаулығы болмағанда айтылатын тұрақты тіркес.

Фразеологиялық бірлік:

«Әзірге екеуі де оған **сыр алдырған жоқ**» (9-бет). **Сыр алдырған жоқ** – назар аудартқызады, білдірмеді. Астындағы жорғасы да, мінген адамда жолда ым-жымсыз келеді. Бұл тіркестің қолданылуы бір жұрттың назарын аудартпай, олардың күмәнін туғызбай келеді десек болады. Кейіпкерлердің эмоциясын салмақты, сабырлы екенін көрсетеді.

«Қара жолдың үстіне ат тұяғы ойған шұңқыршада түк-түк аяғы дірілдеп біраз уақыт жатты да, **жан тәсілімін берді**» (10-бет). **Жан тәсілім берді** – қайтыс болды, уақыты келді, өмірі аяқталды. Жануар ұзақ жолды жүріп, иесінің жасаған озбырлығынан жан тапсырады. Бұл сөз өмірде болатын сәтсіз, мұңды да қайғылы кезді сипаттап тұр.

«Өзгерген өзі ғана сияқты, көшеде көрген жұрттың бәрі бұған **үрке қарайтындай** сезікті сезінді» (11-бет). **Үрке қарау** – бөтенсіну, таныс емес жағдай, қорқа қарау, күдіктене қарайды. Адамның ішкі ойлауында ыңғайсыздық, жайсыздық туындауын көрсете отырып, жан-жақты әлемге қорқумен, күдікпен қарауын көрсетеді. Адам сезімінің жай-күйін көрсетеді. Жаңа жер, біраз уақыт келмеген мекенге жатырқап қалған кейіпкер, айналасынан бөтендік сезінеді.

«Көсегемізді көгертпес **көк беттікке** бой алдырар кісәпірліктің көрігін көбірек басып жүрген жоқпыз ба, деген күнәлі ой мазаны алар еді» (11-бет). **Көк беттік** – ұятсыздық, бетсіздік деген мағынада. Адам бойындағы қасиеттердің жақсы ой мен жаман ой арпалысын көрсетеді. Сүріп жатқан өмірде «не жасаған дұрыс екенін ойлау мен жаман қасиеттерге бой алдырып жатырмыз ба?» деген сауалды анық көрсетеді. Біреудің сөзін тыңдамай, ой паркына бармай, біреуге сөз бермеу қасиетін сипаттайды.

Фразеологиялық тізбек:

«Қараңғыда қалсаң, тау арасындағы шөп көмкеріп тастаған жалғыз аяқ соқпақ жолдан адасып, соқырандап **сорың қайнайды...**» (8-бет). **Соры қайнау** – бакытсыздыққа тап болды, сәтсіздікке ұшырады. Шығармадағы кейіпкерлердің тап болатын жағдайын сипаттайды. Психологиялық сезімін жеткізуде қолданылады. Демек, кейіпкерлер кесір іске тап болуы айталады.

«Еріктің әкесі ер мінезді, аккөңіл, адал, атпал азамат болғанымен, үй шаруасына салақ болып, дүние-боқты **парық қылмайтын** арсыл-гүрсіл, ашуының алды бар болады да, арты жоқ адам еді» (12-бет). **Парық қылмау** - іске жаратпайтын, ысырапшыл. Адам қасиетін сипаттайтын бұл тұрақты тіркес - ештенің мәнісін білмейтін деген мағынаны ашып тұрғандай. Кез-келген затты іске жаратып, жана дүние жасап, заттың қадірін білу керек. Ал бұл іс оған кереғар құбылысты баяндайды.

Жалпыхалықтық қолданыстағы фразеологизмдер – қазақ тілінің сөздік қорының негізі болып табылады. Көркем шығармаларда мейлінше көп қолданылып, авторлардың жаңа тұрақты тіркестер құруына негіз болады. Қазақ тіліндегі фразеологизмдер тек жалпыхалықтық мақсатта ғана емес, сонымен қатар, автордың өз сөз қолданысымен жеткізіледі.

«Авторлық қолданыста фразеологизмдер – мағыналарында ұлттық мәдени ойлау ерекшеліктері, стереотиптер арқылы тұтастай ұлт менталдығын айқындайтын тұрақты тіркестер тобы» [4, 145 б.].

Олардың мағынасы жалпыхалықтық тұрақты тіркестерге ұқсас болып, құрамындағы бір сөйлем мүшесі ауыстырылап, өңделіп, өзгертіліп жұмсалады. Оралхан Бөкейдің «Атау кере» шығармасында авторлық тұрақты тіркестерді шебер қолданылған.

«Сонау Таулы Алтай өлкесімен **қолтықтасып жатқан** «Қатын суының» дәл кемеріндегі омартадан мынау Бұқтырма өзенін мінбелей орналасқан Бек-Алқаға дейін атпен жүрсең – күншілік жол» (8-бет). **Қолтықтасып жатқан** – көршілес немесе қатарлас орналасу деген мағынаны білдіреді. Автор тау мен өзеннің біте қайнасып жатқандығын, бұрыннан қатар тұрғанын әсерлі жеткізу үшін қолданған.

«Жайлаудың әлгіндегі жаныңды жаннатқа бастап аймалаған салқын самалы биікте қалып, тамыздың **таңдай кептірер** аптабы алдынан анталай ұмтылды» (8-бет). **Таңдай кептірер** – қатты құрғақ, аптап ыстық, құрғақшылық деген мағынада. Жалпыхалықтық қолданыста «көмейді кептірер», «кеңсірігі кебу» деп те қолданылады. Ыстық ауа-райында кейіпкердің қатты шөлдегенін де аңғартады.

«Күннің шыжыған ыстығы мен еңіске қарай тарбаяқтаған лоқылдақ жүрістері қарадай қинап, **қан сорпасын шығарды** (8-бет). **Қан сорпасын шығару** – әбден шаршатты, қинады. Астындағы жорғасының жағдайын көрсетуде қолданған. Қатты шаршаған, ұзақ жолдағы ауа-райының әсерімен қоса жолдың әртүрлі қиындығы, жол сапасының болмауы, барлығы осы эмоцияның болуына әсер еткен. Әбден қажыған, шаршаған адам бейнесін көрсетіп, «қан сорпа» деп адам қатты қиналып, бойдың терлеуін атап тұр.

«Тоғай іші гүілдеген қан базар тіршілік: жігіттің білер, білмес жәндіктері сайран салуда» (10-бет). **Қан базар тіршілік** – тынымсыз, гүілдеген ортаны айтады. Аралардың құжынап бал жинау еңбегінің көрінісі. Автор «базар» деген сөзге назар аудартып, адамның тынымсыз еңбегін араның құжынаған тынымсыз көрінісін ұқсастырып баяндайды.

«Шомылатын, сабаланатын сөрелерді **ақ жоңқасын шығара** жуып-шайды» (16-бет). **Ақ жоңқасын шығару** – атты тазалау немесе жылтырату деген мағынаны білдіреді. Автор «жоңқа» сөзін негізге ала отырып қолданған. Бұл фразеологизмнің мағынасы - қатты өңдеуден өткізу, ширатылу, үгіту, материалды дайындау.

« - Мүмкін, - деді ендігі сәтте есінеп, **көзіне ұйқы тығылып**, маужырай бастаған Ерік» (19-бет). **Көзіне ұйқы тығылып** – қатты ұйқысы келу, маужырау. Басты кейіпкердің эмоциясын көрсету үшін «келу» етістігінің орнына «тығылу» етістігін қолданылған.

«Қанталанып кеткен қарашығынан болар-болмас от әлі де мүлдем сөне қоймаған ашу ұшқыны, бәлкім, **намыс шоғы жылтырады**» (22-бет). **Намыс шоғы жылтырады** – азда болсын жүрегінде ар-ұяттың оянуын айтады. Адамда кішкене болсын намыстың оянуын от ұшқынына, шоққа парапар етіп сипаттайды.

«Мойын тамыры білеудей маскүнем тобықтай жұтқыншағы бүлкілдеп, **көзі бағжаң ете қалды**» (23-бет). **Көзі бағжаң ете қалды** – өзінің кенеттен таң қалғанын сипаттайды. Күтпеген істі көрген адамның оқыс қимыл жасап, кенеттен шошынып, алақ-жұлақ ете қалуын айтамыз.

«Дегенмен, **намысын орынсыз найзаламай**, алдап жұмсау керек ау» (25-бет). **Намысын найзаламай** – адамның намысына тимеу. Адамның жеке басына өтпей, оны

жеке қасиеттеріне нұқсан, сөз келтірмеу. Бұл жерде намысын найзалау – намысына пышақ ұрмау, бір жерден жамандығын көріп, қайта-қайта тырналамау деген мағынада.

«Ғұмырының аяулы шағы ертеңге ауып, *сарықарын тартар шақтағы* қонған бақтың, қонсыған байлықтың керегі бар ма өзі...» (32-бет). *Сарықарын тартар шақтағы* – адам баласының өмір сүру кезеңінің атауы. Өмірінің кемеліне жетіп, көрерін көрген кезең. Сол себепті, үзіндіде кемелденген шақта байлықтың керек емес екенін насихаттайды.

«Кімнің *тұнығын шайқаптын*, кімдердің *ырысын ішіп тауысыптын*» (53-бет). *Тұнығын шайқаптын, ырысын ішіп тауысыптын* – екеуі синонимдес фразеологизмдер. Біреудің ала жібін аттамау, бүтінін құртпау, ырысын қашырмау мағынасында. Кейіпкердің ішіндегі толғанысын жеткізуде шебер қолданылған фразеологизмдер.

«Тіпті Ерік қана емес, әзірге бірде-бір адамның күш-қуаты мен *тас жұттар тәуекелі* жете қоймаған» (54-бет). *Тас жұттар тәуекелі* – батылдықымен тәуекел ету мағынасында қолданылған. Адам бойындағы батырлық, ержүректік қасиеттің сипаттап айтады. Шын мәнінде тас жұтпайды, бірақ әсірелеу арқылы барлық іс-әрекетті жасай алатынын көрсетеді.

«Аһ ұрар арманмен құлай сүйіп көрмеген қасаң да қатыгез жаны *қазан түбіндегі майдай еріп*, тоңы жібіген, тіпті шымырлап қайнағандай ма-ау» (55-бет). *Қазан түбіндегі майдай еріп* – қатты ұялу, әлсіз жерінен ұсталу деген мағынаны білдіреді. Ғашық адам сүйгенін көрсе, ұялып, сызылып, қалбалақтайды. Осындай уақытта адамды келеке, әзіл түрінде айтылған тұрақты тіркес.

«*Арбада ажал бүркіп*, пулемет сүйреп келе жатқанын сезбей, мақсатты жорықтың жол ортасында қанға бөгіп, ұрпақсыз-ұрансыз қалар...» (58-бет). *Арбада ажал бүркіп* – батылдықы, намысты болу сөзіне синоним. Алдыда не күтерін біледі, сонда да алдыдан үміт күтіп күресу.

«*Ит қаппайтын кісі* болады деген, тегі, рас екен» деп ойлаған Ерік құлақ етін жеп» (59-бет). *Ит қаппайтын кісі* – адамның жақсы, адал қасиетін сипаттайды. Адам бойындағы жақсы да жаман қасиетті жануар екеш жануарда сезеді ғой. Соны білген автор жақсы адамды, ит қаппайтын кісі деп ауыстырып қолданады.

Жазушы өз шығармасында қозғалған мәселелерді кейіпкерлер арқылы жеткізіп, кейіпкерлердің мінезін, қимыл қозғалысын әсірелеп, ашып көрсету үшін авторлық фразеологизмдерді көптеп қолданған. Бұлар бұрыннан келе жатқан ұғымдарды басқаша көрсетіп, түрлі амал-тәсілдер арқылы реңк, бояу қосып сөзге жан бітіреді. Авторлық фразеологизмдер дайын түрде қолданылмай, авторлық жеке көзқарасы білдіріліп, көркемдік қызметтегі әдеби тілдік құрал ретінде қарастырылады.

#### Қорытынды

Қорыта келе, Оралхан Бокей тұрақты тіркестерді қолдану кезінде өзінің жазушылық шеберлігін ерекше көрсете білді. Қазақ халқының шығармаларының, оның ішінде проза жанрының ерекше дамып, өркендеуіне қызмет жасағандардың бірі де бірегейі – Оралхан Бокей. Шығармалардың төңірегінде 30-ға тарта фразеологиялық тіркестер жазылып, мәндері ашылды. Жазушының еңбектерінің барлығында дерлік сөз қолданысы мен тұрақты тіркес қолданысы өте бай. Тұрақты тіркестер жазушының ойын жан-жақты, сонымен қатар, ықшамды қолдануға мүмкіндік берген. Кейіпкерлердің жай-күйін беруде, амал-ниеттерін көрсетуде шебер қолданған. Қазіргі таңда тілді зерттеу, мағыналарын ашып көрсету мен лингвистиканың ауқымын кеңейту, жалпы осы сала

туралы мәселелер алдыңғы қатарда тұр. Себебі, тіл ұғымы – бүкіл халықтың мәдениетін, тарихын, ұлттық таным көкжиегін, мінезі мен ғаламға деген көзқарасын көрсетеді.

**Әдебиет:**

1. Исаев С. Қазақ тілінің грамматикалық сипаты. – Алматы: Атамұра, 2002. – 186 бет.
2. Кәрімов Х. Қанатты тіл. – Алматы, 1995. – 144 бет.
3. Исаханова Ғ. Бөкей Оралхан: Биобиблиграфиялық көрсеткіш. – Астана: Ұлттық академиялық кітапхана, 2013. – 246 бет.
4. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. - Алматы, 1998. - 149 бет.
5. Бөкеев О. Атау кере. – Алматы: Ан Арыс, 2010. – 320 бет.

**Abstract:**

1. Isaev S. Қазақ тілінің грамматикалық сипаты. – Almaty: Atamұra, 2002. – 186 bet.
2. Kәrimov H. Qanatty til. – Almaty, 1995. – 144 bet.
3. Isahanova F. Bөkej Oralhan: Biobibliografiyalық kөrsetkish. – Astana: Ұлттық akademiyalyқ kitaphana, 2013. – 246 bet.
4. Smagұlova G. Maғыnalas frazeologizmderdiң ұлттық мәдени aspektileri. – Almaty, 1998. – 149 bet.
5. Bөkeev O. Atau kere. – Almaty: An Arys, 2010. – 320 bet.